

Шымкент қалалық арнайы кітапханасына «Білім - инновация» қыз балаларға арналған №2 лицей-интернатының 10 сынып оқушылары өздерінің сынып жетекшілерімен келді.

Модернизациядан өткен жана кітапхана залдарымен «Қызмет көрсету» бөлім меңгерушісі Л. Абжаппарова келген кітапханашыларды таныстырып отті. Оқушылар қызығушылық танытып, сұрақтар қойып, өздеріне ашқан жаңалықтарға қызығушылық танытты.

Кітапханамыздың негізгі бөлімдері «Ақан Қасымов», «Сөйлейтін кітаптар шығару» және «Брайль кітаптарын шығару» бөлімдерімен таныстырып, баспаханадағы жұмыс барысымен және загіптардың жазу үлгісі алты нүктелік «Брайль» жүйесін түсіндіріп отті.

Мұндай іс-шаралар лицей оқушыларына жан-жақты ақпараттардың дамуына ықпал ете отырып, болашақта да жоспарлануда.

